«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» МКҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К. _____
«30» қыркүйек 2025 ж.

ҚАРТТАРЫМ – ҚАЗЫНАМ!»
Әжелермен өткізілген «Әжелер мектебі» жоспары

Әдіскер: Әжімұрат Б.Қ.

Астана – 2025 ж.

«ҚАРТТАРЫМ – ҚАЗЫНАМ!»

Әжелермен өткізілген «Әжелер мектебі» жоспары

Тақырыбы:
«Қарттарым – қазынам!»

Мақсаты:
Әжелердің өмірлік тәжірибесін насихаттау, ұлттық тәрбие құндылықтарын дәріптеу және жас ұрпаққа өнеге көрсету.

Міндеттері:

- Әжелердің тәлім-тәрбиелік тәжірибесін үлгі ету;
- Ұлттық салт-дәстүрді насихаттау;
- Ұрпақтар сабақтастығын нығайту;
- Балаларға үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу.

Қатысушылар:
Әжелер – 6 адам
Өткізу түрі: Кездесу, тәрбие сағаты

Қажетті құралдар:

- Безендірілген зал
- Нақыл сөздер
- Музыкалық сүйемелдеу
- Шай дастарханы
- Слайд, суреттер
- Гүлдер, алғыс хаттар

Іс-шара барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі
Қонақтарды қарсы алу.
Әжелерге құрмет көрсетіліп, жылы лебіз білдірілді.

II. Кіріспе бөлім
Жүргізуші «Қарттарым – қазынам!» тақырыбының маңыздылығына тоқталды.
Қарттардың отбасы мен қоғамдағы орны туралы айтылды.

III. Негізгі бөлім
1. Әжелермен таныстыру
Әр әже өз өмір жолы, отбасы тәрбиесі жайлы қысқаша әңгімеледі.

2. «Өнегелі сөз – асыл мұра»
Әжелер балаларға бата, мақал-мәтел, нақыл сөздер айтты.
3. Ұлттық дәстүр бөлімі
Әжелер ұлттық салт-дәстүрлер туралы түсіндіріп, тәрбиелік мәнін баяндады.
4. Өнер көрсету
Балалар әжелерге ән айтып, тақпақ арнады.
5. Еркін сұхбат
Қатысушылар әжелерге сұрақ қойып, пікір алмасты.

IV. Қорытынды бөлім
Әжелерге алғыс хаттар табысталып, естелік суретке түсу ұйымдастырылды.

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың үлкенге деген құрметі артады;
- Ұлттық тәрбие құндылықтары насихатталады;
- Әжелердің өнегелі тәжірибесі жас ұрпаққа үлгі болады;
- Балабақша мен отбасы арасындағы байланыс нығаяды.

«Қарттарым - Қазынам» әжелер мектебі







АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Қарттарым – қазынам!» тақырыбында «Әжелер мектебі» аясында өткізілген іс-шара туралы

Өткізілген күні: «30» қыркүйек 2025 жыл

№12 «Қарлығаш» балабақшасында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, аға буынның өмірлік тәжірибесін насихаттау және ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында «Қарттарым – қазынам!» тақырыбында «Әжелер мектебі» аясында тәрбиелік кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шараға әжелер мен аталар қатысып, өздерінің өмірлік тәжірибелерімен, отбасылық тәрбиеге қатысты ой-пікірлерімен бөлісті. Кездесудің негізгі мақсаты – үлкендерді құрметтеу, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау және жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беру.

Іс-шараның кіріспе бөлімінде жүргізуші қарттардың отбасы мен қоғамдағы орнына тоқталып, олардың даналығы мен өмірлік тәжірибесінің жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын атап өтті. Қонақтарға құрмет көрсетіліп, жылы лебіздер білдірілді.

Негізгі бөлімде әжелер мен аталар өздерінің өмір жолдары, отбасылық құндылықтар және бала тәрбиесіндегі ұстанымдары туралы әңгімеледі. Қатысушылар балаларға бата-тілектерін айтып, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін түсіндірді. Сонымен қатар қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері туралы әңгімелер айтылып, олардың ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығы көрсетілді.

Кездесу барысында балалар қонақтарға арнап ән айтып, тақпақтар оқыды. Еркін сұхбат кезінде балалар әжелер мен аталарға сұрақтар қойып, олардың өнегелі әңгімелерін тыңдады. Бұл кездесу балалардың үлкендерге деген құрметін арттыруға, ұлттық дәстүрлерге қызығушылығын оятуға және отбасылық құндылықтарды түсінуіне ықпал етті.

Қорытынды:

«Қарттарым – қазынам!» атты тәрбиелік кездесу өз мақсатына сай өткізілді. Іс-шара барысында аға буын өкілдерінің өмірлік тәжірибесі насихатталып, ұлттық салт-дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды дәріптеуге жағдай жасалды. Әжелер мен аталардың қатысуы балалардың үлкенді сыйлау, құрметтеу және ізет көрсету дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығая түсті.

Алдағы уақытта аға буын өкілдерін балабақшадағы тәрбиелік іс-шараларға тартып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру ұсынылады.

Әдіскер **Б.Қ. Әжімұрат**

Күні: «30» қыркүйек 2025 жыл

«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» МКҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К. _____
«07» қараша 2025 ж.

«Таза Қазақстанға қолдау»: «Балабақша бұйымдарын тігу»

Аналар клубы

Әдіскер: Әжімұрат Б.Қ.

Астана – 2025 ж.

«Таза Қазақстанға қолдау»

Аналар клубы

Тақырыбы: «Балабақша бұйымдарын тігу»

Мақсаты:
Аналарды шығармашылық жұмысқа тарту, қайта өңдеуге болатын материалдарды тиімді пайдалану арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Міндеттері:
- Аналарды қолөнер жұмысына баулу;
- Балабақшаға қажетті бұйымдарды бірлесіп дайындау;
- Қалдықсыз мәдениетті насихаттау;
- Ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Қатысушылар:
Аналар клубының мүшелері

Қажетті құралдар:
- Мата қиындылары
- Ине-жіп
- Тігін құралдары
- Қайшы
- Әшекей элементтері
- Дайын үлгілер

Іс-шара барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі
Қатысушылармен амандасу, іс-шараның мақсатын таныстыру.

II. Кіріспе бөлім
«Таза Қазақстан» бағдарламасының маңызы түсіндірілді.
Қайта өңделетін материалдарды тиімді пайдалану туралы ақпарат берілді.

III. Негізгі бөлім
- Балабақшаға арналған бұйым үлгілері көрсетілді;
- Аналар алжапқыш, майлық, ойыншық қапшықтары сияқты бұйымдар тікті;
- Жұмыс барысында тәжірибе алмасу жүргізілді.

«Таза Қазақстанға қолдау: «Балабақша бұйымдарын тігу»







АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Аналар клубы» аясында «Балабақша бұйымдарын тігу» шеберлік сағатының өткізілуі туралы

Өткізілген күні: «07» қараша 2025 жыл

№12 «Қарлығаш» балабақшасында ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Аналар клубы» аясында «Балабақша бұйымдарын тігу» тақырыбында шеберлік сағаты ұйымдастырылды.
Іс-шараға аналар клубының **15 мүшесі** қатысты.

Шеберлік сағаты барысында қатысушыларға «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасының маңыздылығы түсіндіріліп, қайта пайдалануға болатын материалдарды тиімді қолдану, мата қалдықтарын кәдеге жарату және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
Практикалық бөлімде аналар балабақшаға қажетті бұйымдардың үлгілерімен танысып, мата қиындыларынан алжапқыштар, майлықтар, ойыншықтарға арналған қапшықтар және басқа да қажетті бұйымдарды дайындау жұмыстарын орындады. Қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, тігін өнеріндегі шеберліктерімен бөлісті.

Іс-шара барысында аналардың белсенділігі байқалып, бірлескен шығармашылық жұмысқа қызығушылық танытты. Дайындалған бұйымдар таныстырылып, қатысушылардың еңбегі бағаланды. Мұндай іс-шаралар ата-аналардың балабақша өміріне белсенді араласуына, өзара ынтымақтастықтың нығаюына және балаларға экологиялық тәрбие беруге ықпал етеді.

Қорытынды:

«Балабақша бұйымдарын тігу» шеберлік сағаты өз мақсатына жетті. Аналардың қолөнерге қызығушылығын арттыру, қайта пайдаланылатын материалдарды тиімді қолдану және балабақшаға қажетті бұйымдарды бірлесіп дайындау бағытындағы жұмыстар жүзеге асырылды. Алдағы уақытта аналар клубының жұмысын жүйелі түрде жалғастыру ұсынылады.

Әдіскер Б.Қ. Әжімұрат

Күні: «07» қараша 2025 жыл

«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» МКҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К. _____
«07» қараша 2025 ж.

«Қалдықсыз әлем»: Тұрмыстық қалдықтардан бизибордтар жасау»

Әкелер мен балаларға арналған шебер-сынып

Әдіскер: Әжімұрат Б.Қ.

Астана – 2025 ж.

«Қалдықсызз өмір» бизиборд жасау.
Әкелер мектебі







АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ» әкелер мен балаларға арналған шебер-сыныбының өткізілуі туралы

Өткізілген күні: «07» қараша 2025 жыл

№12 «Қарлығаш» балабақшасында ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, балаларға экологиялық тәрбие беру және тұрмыстық қалдықтарды қайта пайдаланудың маңыздылығын түсіндіру мақсатында «ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ» тақырыбында әкелер мен балаларға арналған шебер-сынып ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – тұрмыстық қалдықтарды тиімді пайдалану арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу және қоршаған ортаға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру.

Шебер-сыныптың кіріспе бөлімінде қатысушыларға «Қалдықсыз әлем» идеясының маңыздылығы түсіндіріліп, тұрмыстық заттарды қайта пайдаланудың қоршаған ортаны қорғаудағы рөлі туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар бизибордтың балалардың танымдық қызығушылығын, ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін және күнделікті өмірде қажетті дағдыларын дамытудағы маңызы таныстырылды.

Практикалық бөлімде әкелер балаларымен бірге картон, қақпақтар, түймелер, құлыптар және басқа да қауіпсіз материалдарды пайдалана отырып, бизибордтар жасау жұмыстарына қатысты. Бірлескен шығармашылық жұмыс барысында қатысушылар материалдарды таңдап, оларды орналастырып, дайын жұмыстарды безендірді.

Іс-шара барысында әкелер балаларға қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал етті. Дайындалған бизибордтар көрмеге қойылып, қатысушылардың жұмыстары таныстырылды. Әкелер мен балалардың бірлескен әрекеті отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға, балалардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік берді.

Қорытынды:

«ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ» шебер-сыныбы өз мақсатына бағытталып өткізілді. Іс-шара нәтижесінде тұрмыстық қалдықтарды қайта пайдаланудың тиімділігі көрсетіліп, балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасалды. Сонымен қатар әкелердің балабақша өміріне белсенді қатысуына және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті.

Әдіскер Б.Қ. Әжімұрат

Күні: «07» қараша 2025 жыл

«Келісілді»
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы
_____ С. Дауешова
«____» _____ 2025 ж.

«Бекітілді»
Астана қаласы әкімдігінің
№18 «Аяжан» балабақшасы
меңгерушісі
_____ Дюсенгазина Л.М
«03» 11 2025 ж.

« Абай әлеміндегі құндылықтар арқылы бала бойында ұлттық рухты қалыптастыру » тақырыбында
қалалық семинардың бағдарламасы

Өткізу күні, уақыты:26 қараша 2025 жыл, 09:00-12.00 аралығы
Өткізу орны: № 18«Аяжан» балабақшасы, Абай даңғылы 86/ 1
Өткізу форматы: офлайн
Мақсаты:Эксперименттік алаң жұмысы аясында педагогтердің іс-тәжірибелерімен алмасуы
Қатысушы балабақшалар: №12 «Қарлығаш» балабақшасы, №28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасы

Уақыты	Мазмұны
8.30-8.50	**Қатысушыларды тіркеу**
Ашылу салтанаты	
9.00– 9.10	**« Абай әлеміндегі құндылықтар арқылы бала бойында ұлттық рухты қалыптастырудың артықшылықтары»** №18 «Аяжан» балабақшасының меңгерушісі Дюсенгазина Л.М
9:10 – 9:20	**«Төрт мезгіл» мектепалды топ балаларымен би композициясы** №18 «Аяжан» балабақшасының музыка жетекшісі Орынтаева Ғ.А
«Абай ауылы» тәжірибелік бөлім	
Абайдың балалық шағы	
9:25 –09.45	**«Абай ауылындағы ұлттық ойындар» балалармен көрсетілім** № 12 «Қарлығаш» балабақшасының тәрбиешісі Уразбекова Ж.
Абайдың әндері мен өлеңдері	
09.50-10.15	**Мюзикл «Құмырсқа мен шегіртке»** аударма қойылымы мектепалды, ересек топ №28 «Жұлдыз» санаториялық балабақшасы тәрбиешілері: Есмағамбет А.Қ, Ербозова С.М **Абай өлеңдерінен композиция** №18 «Аяжан» балабақшасы тәрбиешісі Шаяхметова Г.С , №12 «Қарлығаш»балабақшасы тәрбиешісі Алиханова А.Б , №28 «Жұлдыз» балабақшасы тәрбиешісі Токенова Р.К **Оркестр «Айттым салем Қаламқас» мектепалды топ** №18 «Аяжан» балабақшасы музыка жетекшісі Орынтаева Г.А
Абайдың ересек шағы	
10.15-10.30	**«Құнанбай баба осиеті» әкелер мектебі қойылымы** №12 «Қарлығаш» балабақшасы әдіскері Әжімұрат Б.Қ
	«Абай поэзиясы» педагогтер шығармашылығы №18 «Аяжан» балабақшасы педагогтері Ақдилдаева Б.Д
Практикалық бөлім	
	«Ойнайық та, ойлайық!» ұйымдастырылған іс-әрекет **«Мерей» мектепалды тобы**

«Құнанбай баба өсиеті» әкелер мектебі қойлымы





«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» МКҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К.
«27» қаңтар 2026 ж.

«Менің әкем – полицей»
Құқық қорғау органдарында қызмет атқаратын әкелермен кездесу жоспары

Әдіскер: Әжімұрат Б.Қ.

Астана – 2026ж.

«Менің әкем – полицей»
Құқық қорғау органдарында қызмет атқаратын әкелермен кездесу жоспары

Мақсаты:
Балаларға құқық қорғау қызметінің маңызын түсіндіру, полиция мамандығына құрмет сезімін қалыптастыру және әкелердің қоғамдағы рөлін насихаттау.

Міндеттері:
- Балаларды тәртіп сақшыларының еңбегімен таныстыру;
- Әкелердің өнегелі тәжірибесін насихаттау;
- Отанға, елге қызмет етуге тәрбиелеу;
- Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Тақырыбы:
«Менің әкем – полицей»

Қатысушылар:
Құқық қорғау саласында қызмет ететін 6 әке, педагогтер, тәрбиеленушілер

Өткізу түрі: Кездесу кеші

Қажетті құралдар:
- Безендірілген зал
- Слайд, суреттер
- Музыкалық сүйемелдеу
- Алғыс хаттар
- Сұрақ-жауапқа арналған материалдар

Іс-шара барысы
I. Ұйымдастыру кезеңі
Қонақтарды қарсы алу, қатысушылармен таныстыру.
II. Кіріспе бөлім
Жүргізуші іс-шараның мақсаты мен маңыздылығына тоқталды.
Полиция қызметкерлерінің қоғамдағы орны туралы қысқаша мәлімет берілді.
III. Негізгі бөлім
1. Қонақтармен таныстыру
Қызметтегі әкелер өз мамандықтары туралы айтып өтті.
2. «Менің әкем – батыр»
Балалар өз әкелері туралы тақпақ, жылы лебіздерін арнады.
3. Сұрақ-жауап бөлімі
Балалар қонақтарға полиция қызметі туралы сұрақтар қойды.

4. Тәрбиелік әңгіме
Қонақтар қауіпсіздік ережелері, тәртіп сақтау туралы кеңестер айтты.
5. Естелік бөлім
Ортақ суретке түсіп, алғыс хаттар табысталды.

Қорытынды бөлім
Кездесу барысында балалар полиция қызметкерлерінің еңбегіне құрметпен қарап, мамандық туралы танымын кеңейтті.

Күтілетін нәтиже:
- Балалардың құқық қорғау қызметіне қызығушылығы артады;
- Патриоттық тәрбие қалыптасады;
- Әке мен бала арасындағы байланыс нығаяды;
- Қоғамдық тәртіпке жауапкершілік сезімі дамиды.

«Менің әкем - ПОЛИЦЕЙ»







ХАТТАМА

«Менің әкем – полицей»
құқық қорғау органдарында қызмет атқаратын әкелермен кездесу туралы

Өткізілген күні: 27.01.2026
Өткізілген орны: №12 «Қарлығаш» балабақшасы
Қатысушылар: педагогтер, тәрбиеленушілер, ата-аналар
Шақырылған қонақтар: құқық қорғау органдарында қызмет атқаратын 6 әке

Күн тәртібі:
1. «Менің әкем – полицей» тақырыбында кездесу ұйымдастыру.
2. Құқық қорғау қызметінің маңыздылығын насихаттау. Бала Қауыпсіздігі.

Тыңдалды:
Кездесу барысында қызметтегі әкелер өз мамандықтары туралы әңгімелеп, полиция қызметінің ерекшеліктерін түсіндірді.
Балалар қонақтарға сұрақтар қойып, қызығушылық танытты.
Қонақтар балаларға қауіпсіздік сақтау, тәртіпке бағыну туралы тәрбиелік кеңестер берді.

Қаралды:
- Қонақтардың кәсіби тәжірибесі;
- Балалардың белсенділігі;
- Іс-шараның тәрбиелік маңызы;
- Полиция қызметінің қоғамдағы рөлі.

Шешім:
1. Кездесу жоғары деңгейде өтті деп бағалансын.
2. Құқық қорғау қызметкерлерінің еңбегін насихаттау жұмыстары жалғастырылсын.
3. Осындай тәрбиелік кездесулер тұрақты ұйымдастырылсын.

Инновация әдіскері: _____ Усенова А.Б.
Хатшы: _____ Кулынтаева Т.Б.

«БЕКІТЕМІН»
№12 «Қарлығаш» МКҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К.
«06» ақпан 2026 ж.

«Логика әлеміне саяхат»

ата-аналармен бірлескен шебер-сынып

Әдіскер: Усенова А.Б.

Астана – 2026 ж.

«Логика әлеміне саяхат»

Мақсаты:
Ата-аналарды балалардың зияткерлік дамуына арналған логикалық ойындармен таныстыру, үй жағдайында қолдануға болатын дидактикалық материалдар жасауды үйрету.

Міндеттері:

- Балалардың логикалық ойлауын дамытуда ата-ананың рөлін түсіндіру;
- Қарапайым құралдар арқылы логикалық дидактикалық материалдар жасау жолдарын көрсету;
- Ата-аналардың шығармашылық белсенділігін арттыру;
- Балалармен бірлескен танымдық әрекетті ұйымдастыру.

Қатысушылар: 6 топ ата-аналары
Қатысқандар саны: 6 ата-ана
Қажетті құрал-жабдықтар:
түсті қағаз, картон, қайшы, желім, фломастерлер, түрлі суреттер, қақпақтар, жіптер, геометриялық пішіндер, үлгі карточкалар,

Шебер сыныптың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

- Қатысушыларды қарсы алу.
- Шебер сыныптың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.
- Ата-аналарды топтарға бөлу (5 топ).

Кіріспе сөз:
Балалардың ойлау қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар мен ойындардың маңызы зор екені түсіндіріледі. Логикалық ойындар баланың ойлауын, есте сақтауын, салыстыру, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

2. Теориялық бөлім
Педагог ата-аналарға қысқаша түсіндірме береді:

- Логикалық ойындардың бала дамуына әсері
- Ойын арқылы баланың зияткерлік қабілетін дамыту
- Үй жағдайында қолдануға болатын қарапайым дидактикалық материалдар

Ата-аналарға бірнеше мысал көрсетіледі:

- «Артығын тап»
- «Сәйкестендір»
- «Түстерді ажырат»
- «Пішіндерді орналастыр»

3. Практикалық бөлім (негізгі кезең)

Ата-аналар **өз қолдарымен балаларға арналған логикалық дидактикалық материалдар жасайды.**
Әр топқа тапсырма беріледі.
1-топ:
«Түстерді сәйкестендір» ойыны
– түрлі түсті картоннан карточкалар жасау.
2-топ:
«Пішінді тап» ойыны
– геометриялық пішіндерді орналастыруға арналған материал дайындау.
3-топ:
«Артық затты тап» дидактикалық ойыны
– суреттер арқылы логикалық тапсырма дайындау.
4-топ:
«Логикалық тізбек»
– белгілі бір заңдылық бойынша жалғастыруға арналған карточкалар жасау.
5-топ:
«Сандар әлемі» ойыны
– санауға және сәйкестендіруге арналған материалдар дайындау.
Педагог ата-аналарға бағыт-бағдар беріп, көмек көрсетеді.

4. Қорытынды бөлім
Әр топ өз жұмыстарын таныстырады.
Талқылау жүргізіледі:
- жасалған материалдарды қалай қолдануға болады
- балалардың логикалық ойлауын дамытудағы маңызы


Ата-аналардың пікірлері тыңдалады.

5. Рефлексия
Ата-аналар шебер сынып туралы өз әсерлерін білдіреді.
Сұрақтар:
- Бүгінгі шебер сыныптан не үйрендіңіз?
- Үйде балаңызбен қандай логикалық ойындарды қолданасыз?

Қорытынды
Шебер сынып барысында ата-аналар балалардың логикалық ойлауын дамытуға арналған дидактикалық материалдарды өз қолдарымен жасап, оларды үй жағдайында қолдану тәсілдерімен танысты. Мұндай жұмыстар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, баланың зияткерлік дамуына оң әсер етеді.


«Логика әлеміне саяхат»













АНЫҚТАМА

Білім беру ұйымы: №12 «Қарлығаш» балабақшасы
Күні: 06.02.2026 жыл
Тақырыбы: «Логика әлеміне саяхат»

Мақсаты: Ата-аналармен бірлескен жұмыс арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, шығармашылық белсенділігін арттыру және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

«Логика әлеміне саяхат» тақырыбында ата-аналармен бірлескен логикалық тапсырмалар жасау шеберлігі ұйымдастырылды. Іс-шара барысында ата-аналар балаларымен бірге түрлі логикалық тапсырмалар құрастырып, тәжірибе алмасты.

Шеберлік сағатына төмендегі ата-аналар қатысты:

- «Ақ бота» кіші тобынан – 2 ана;
- «Балапан» ортаңғы тобынан – 1 ана;
- «Аружан» ортаңғы тобынан – 1 ана;
- «Балауса» ересек тобынан – 1 әке;
- «Үміт» мектепалды тобынан – 1 ана.

Қатысушылар өздерімен қажетті құрал-жабдықтарын алып келіп, логикалық тапсырмалар дайындап, балалармен бірге орындады. Іс-шара барысында ата-аналар белсенділік танытып, шығармашылықпен жұмыс жасады. Балалар мен ата-аналар арасында жылы қарым-қатынас орнап, бірлескен әрекет арқылы логикалық ойлау, салыстыру, талдау дағдылары дамытылды.

Іс-шара өз мақсатына жетті.

Қорытынды: Ата-аналармен бірлескен жұмыс балалардың зияткерлік қабілетін дамытуға және отбасы мен балабақша ынтымақтастығын нығайтуға оң әсерін тигізді.

Әдіскер: Усенова А.Б.
Тәрбиешілер: Азизова Г.А.
Атыгаева Р.Е..
Шарипова М.Н.
Уразбекова Ж.
Әбілда А.Ғ.

«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» МККҚ
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К.
«18» наурыз 2026 ж.

«Анаға құрмет – әлемге құрмет!»

Әдіскер: Усенова А.Б.

Астана – 2026 ж.

«Анаға құрмет – әлемге құрмет!»
Педагогтерге және аналарға арналған концерттік бағдарлама жоспары

Мақсаты:
Аналарды және педагогтерді құрметтеу, олардың еңбегін дәріптеу, отбасы мен балабақша арасындағы сыйластықты нығайту.

Міндеттері:
- Анаға деген құрмет сезімін қалыптастыру;
- Педагогтердің еңбегін бағалау;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Қатысушылар:
Педагогтер, аналар, тәрбиеленушілер

Өткізу түрі:
Мерекелік концерттік бағдарлама

Қажетті құралдар:
- Безендірілген зал
- Музыкалық аппаратура
- Гүлдер, шарлар
- Алғыс хаттар
- Сахналық костюмдер

Бағдарлама барысы
I. Ұйымдастыру кезеңі
Қонақтарды қарсы алу, мерекелік көңіл-күй қалыптастыру.
II. Кіріспе бөлім
Жүргізуші ана мен ұстаздың қоғамдағы ерекше орны туралы айтып өтті.
III. Негізгі бөлім
1. Құттықтау сөзі
Балабақша әкімшілігінің құттықтауы.
2. Ән-шашу
Балалардың аналар мен педагогтерге арналған әндері.
3. Би қойылымдары
Ұлттық және заманауи билер.
4. Көркем сөздер
Балалардың ана туралы өлеңдері мен тілектері.
5. Ойын және флешмоб

Аналар мен педагогтердің қатысуымен көңілді бөлім ұйымдастыру.

IV. Қорытынды бөлім
Аналар мен педагогтерге алғыс хаттар мен гүлдер табысталды.
Естелік суретке түсу ұйымдастырылды.

Күтілетін нәтиже:


- Ана мен педагог мамандығына құрмет артады;
- Балалардың өнерге қызығушылығы дамиды;
- Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығы нығаяды;
- Мерекелік көңіл-күй қалыптасады.

«Анаға құрмет – әкеге құрмет»









АНЫҚТАМА

«Анаға құрмет – әлемге құрмет!»
педагогтерге және аналарға арналған концерттік бағдарлама туралы

«Анаға құрмет – әлемге құрмет!» тақырыбында педагогтер мен аналарға арналған мерекелік концерттік бағдарлама өткізілді. Іс-шараның мақсаты – аналар мен педагогтердің еңбегін дәріптеу, оларға құрмет көрсету және балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болды.
Концерт барысында тәрбиеленушілер ән айтып, би билеп, көркем сөздер оқыды. Сонымен қатар аналар мен педагогтерге арналған тәрбиелік көріністер қойылып, мерекелік ойындар ұйымдастырылды.
Шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Аналар мен педагогтер балалардың өнеріне ризашылықтарын білдіріп, ұйымдастырушыларға алғыстарын айтты.
Іс-шара соңында қатысушыларға алғыс хаттар табысталып, естелік суретке түсу ұйымдастырылды.

Инновация әдіскері: _____ Усенова А.Б.

Күні: 18.03.2026 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Астана қаласы әкімдігінің
№12 «Қарлығаш» МКҚК
балабақшасы меңгерушісі
Махметова Ж.К.
«08» қыркүйек 2025 ж.

«Балабақша қолдаушыларына декор жастық сыйлаймыз»
Жас аналармен өткізілген шебер-сынып жоспары

Әдіскер: Әжімұрат Б.Қ.

Астана – 2025 ж.

«Балабақша қолдаушыларына декор жастық сыйлаймыз»
Жас аналармен өткізілген шебер-сынып жоспары

Тақырыбы:
«Балабақша қолдаушыларына декор жастық сыйлаймыз»

Мақсаты:
Жас аналарды шығармашылық жұмысқа тарту, қолөнер арқылы эстетикалық талғамын дамыту және балабақшаға деген қолдауды нығайту.

Міндеттері:
- Аналарды қолөнер жасауға баулу;
- Бірлескен жұмыс арқылы ұйымшылдықты қалыптастыру;
- Декор жастық дайындау тәсілдерін үйрету;
- Балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты нығайту.

Қатысушылар:
Жас аналар – 8 адам
Өткізу түрі: Шебер-сынып

Қажетті құралдар:
- Дайын жастық қаптары
- Мата қиындылары
- Синтепон
- Желім
- Қайшы
- Ине-жіп
- Әшекей элементтері
- Фетр, лента, моншақтар

Шебер-сынып барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Қатысушылармен амандасу, шараның мақсаты таныстырылды.
Аналарға декор жастықтың балабақша интерьерін көркейтуге арналған сыйлық екені түсіндірілді.

II. Кіріспе бөлім

Тәрбиеші декор жастық жасаудың қарапайым әдістерін көрсетті.
Қауіпсіздік ережелері таныстырылды.

III. Негізгі бөлім

Аналар өз қалаулары бойынша жастық дизайнын таңдады.
Маталарды қиып, әшекейлеп, жастықтарды безендірді.
Жұмыс барысында қатысушылар бір-бірімен тәжірибе алмасты.

IV. Қорытынды бөлім

Дайын жұмыстар таныстырылып, көрме ұйымдастырылды.
Аналарға алғыс айтылып, естелік фотоға түсті.

Күтілетін нәтиже:

- Аналардың шығармашылық қабілеті дамиды;
- Қолөнерге қызығушылығы артады;
- Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығы нығаяды.

«Балабақша қолдаушыларына декор жастық сыйлаймын» жас аналармен өткізілген шебер-сынып





ХАТТАМА

«Балабақша қолдаушыларына декор жастық сыйлаймыз»
жас аналармен өткізілген шебер-сынып хаттамасы

Өткізілген күні: 08.09.2025 ж.
Өткізілген орны: №12 «Қарлығаш» балабақшасы
Қатысушылар саны: 8 ана

Күн тәртібі:

1. «Балабақша қолдаушыларына декор жастық сыйлаймыз» тақырыбындағы шебер-сынып өткізу.
2. Декор жастықтарын дайындау және таныстыру.

Тыңдалды:
Тәрбиеші шебер-сыныптың мақсаты мен маңыздылығы туралы айтып өтті. Аналарға декор жастық жасау жолдары түсіндірілді.

Қаралды:
Қатысушылар өз қолдарымен декор жастықтарын жасап, безендіру жұмыстарын орындады.

Шешім:
1. Шебер-сынып жоғары деңгейде өтті деп бағалансын.
2. Дайындалған декор жастықтар балабақша қолдаушыларына сыйлық ретінде ұсынылсын.
3. Осындай шығармашылық шаралар алдағы уақытта да жалғасын тапсын.

Әдіскер: _____ Өжімұрат Б.Қ.

Хатшы: _____ Құлынтаева Т.Б.